



## БҰЙРЫҚ

25.08.2026 ж.т.т.

Орал қаласы

## ПРИКАЗ

№ 230 и/к

город Уральск

### «Эстетикалық бағыттағы гимназия бойынша ақша жинауға тыйым салу туралы»

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңына, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасының 20.04.2025ж. №260 бұйрығына сәйкес негізсіз ақша жинауға тыйым салу және педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Эстетикалық бағыттағы гимназия бойынша тегін білім алу принциптері сақталсын.
2. Мектептің барлық педагогикалық және техникалық қызметкерлеріне, сынып жетекшілеріне:
  - Оқушылардан және олардың ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) кез келген мақсатқа (мектеп жөндеуге, сыныпты жабдықтауға, көрнекіліктер, оқулықтар, сыйлықтар сатып алуға, іс-шаралар өткізуге т.б.) ақшалай және материалдық қаражат жинауға қатаң тыйым салынсын.
  - Ата-аналар комитетінің немесе белсенді ата-аналардың өз бастамасымен ақша жинау әрекеттеріне қатысуға, оларды қолдауға немесе мектеп атынан ұсыныс айтуға шектеу қойылсын.
3. Сынып жетекшілеріне:
  - Осы бұйрықтың мазмұнын ата-аналар жиналысында (немесе ата-аналар чаттарында) жеткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылсын.
  - Сынып чаттарында ақша жинауға қатысты кез келген талқылаулардың алдын алу міндеттелсін.
4. Мектептің ресми сайтында және хабарландыру тақтасында ақша жинауға тыйым салынғаны туралы ақпарат пен сенім телефоны орналастырылсын.

5. Осы бұйрық талаптарын бұзған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қатаң тәртіптік және әкімшілік шаралар қолданылатынын ескертілсін.

6. Бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз құзіретімде қалдырамын.

Директор



Э.А.Алпамысова